

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы № 1

Жаңаарқа кенті, Б.Амалбеков атындағы ЖОББМ

20.01.2020 ж

Қатысқандар:

1. Малайсаринова А.И- төрайымы – Хоум банк, бухгалтер
2. Сұланова А – мүшесі, «Жібек жолы» жеке кәсіпкер
3. Қожықаев Қ.Ш – мүшесі, Жаңаарқа аудан әкімінің орынбасары
4. Омарбаева А – мүшесі, «Атасу» жеке кәсіпкер
5. Нүркенов Р. – мүшесі, жеке кәсіпкер
6. Дүйсенбаев Б – мүшесі, «Алия» жеке кәсіпкер
7. Есенбаев Н – мүшесі, «Каз Транс ОЙЛ» қызметкері
8. Қасенбекова Н – мүшесі «Балдырған» балабақшасы тәрбиеші
9. Мектеп директоры Бибосынов С.С.
10. Директордың тәрбие ісі жөн. орынбасары Айтжанова А.Х.- хатшы

Күн тәртібі

1. 2019 жылдың II жартыжылдық мектепке көрсетілген қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының есебі. Мектеп директоры С.С. Бибосынов

Тыңдалды: Мектеп директоры С.С. Бибосынов баяндауы бойынша Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде 2019 жылындағы II жартыжылдық бойынша аз қамтылған (әкесі, шешесі жоқ) қамқорлықтағы, көп балалы жанұяларының мектеп жасындағы балалары туралы көрсеткіш – 204 оқушы, қамқорлықта – 8 оқушы. Аз қамтылған, көп балалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тегін ыстық тамақпен бірінші тоқсанда – 45 оқушы қамтылды.

Көп балалы, аз қамтылған, отбасы балаларының бір реттік ақшалай көмек алуларына байланысты 78 отбасының өтініші қаралып оның ішінде 20 отбасының табыс көзі белгіленген суммадан (29683 т) асып кетуіне байланысты қабылданбады. 60 отбасының өтініші қанағаттандырылып, осы отбасындағы 139 оқушыға берілетін ақшалай көмекке мұқтаж әрі ереже талаптарына сай екені анықталып, АББ тапсырылды.

«Мектепке жол» акциясының негізгі мақсаты - әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылының басында қолдау көрсету. Бұл мұқтаж жандарды, оның ішінде балаларды жылы жүректің мейірімі мен шуағына бөлеу имандылық, адамгершілік тұрғысынан сауапты іс екені анық. Осы мақсатта Б.Амалбеков атындағы ЖОББ мектебінің

Атап айтқанда мектеп ұстаздары мектеп ұстаздары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж. Аманжолова – 5000 теңгеге (9 «в» Күлменді Айгүлге), Ибикенова Қ.Қ – 3 «г» сыныбының қамқорлықтағы оқушы Абдыкалыкова Жансаяға 21 240 теңгеге, 2 «б» сыныбының оқушысы Асанов Ержігітке – 15000 теңгеге мектепке қажетті барлық заттарды алып берді. Ш.Ш. Абильдина – 3000 теңгеге мектеп формасын (10 «б» Тлеубеков

Диас), А.С.Сауытбаева – 3000 теңгеге мектеп формасын (2 «б» Асанов Ержігіт), А.А.Байжұманова – 10000 теңгеге (9 «в» Күлменді Наурызбайға шалбар мен аяқ киім), А.Сакенова 1000 теңгеге (оқу құралдарын), Г.Қ.Ахметова – 3000 теңгеге (оқу құралдарын), Б.Қ.Шожина 8000 теңгеге (куртка), К.М.Ашықбекова – 5800 теңгеге мектеп формасын (Нұрланұлы Диас) әперді.

Қайырымдылық жасау сауапты іс екенін жастайынан ұғынып, адамгершілікті бәрінен де жоғары ұстайтын оқушылар да бұл шараға өз үлесін қосты. Атап айтар болсақ, 11 б сынып оқушысы Қожуқаева Салидат жаз айларында жұмыс істеп, тапқан табысының бір бөлшегін, яғни (8500 теңге) игі шараға (мектеп сөмкесі мен оқу құралдар) арнады.

Халық мешіті 20000 теңгеге мектепке қажетті киімдер мен сөмке және оқу құралдарын 6 «в» сыныбының оқушысы Ержігіт Жасминге берілді.

Сұлтанова Алуа «Жібек жолы» дүкені 3 «б» сыныбының оқушысы 18000 теңгеге Маратова Диляраға (туфли, ақ көйлек, спорттық костюм мен аяқ киім) берді.

Адамов Исатай «Керемет» дүкені 5300 теңгеге мектепке қажетті (спорттық костюм, майчка юбка) киімдер берді.

«Гүлмира дүкені» - 8400 теңгеге – аяқ киім берді.

Жалғабекова Алма «Сәлем» дүкен иесі 22000 теңгеге көлемінде оқушыларға аяқ – киімдер мен киім – кешектер берді.

«Мұбарак» дүкені 10000 теңге ақшалай 2 «в» сыныбының оқушысы Маратова Ұлжанның ата – анасына және 3600 сумка берді.

Қаутаев Абай «Болашақ» дүкен иесі 10100 теңгеге 2 оқушыға мектеп сөмкесін берді.

Жаңаарқа несие серіктестігінің басшысы Рымбеков Сәулет 15000 теңгеге мектеп сөмкесімен оқу құралдарын 2 «г» сыныбының оқушысы Ілтай Мирасқа берді.

Асқаров Батырхан «Алия» дүкен иесі 42000 теңгеге 8 «в» сыныбының оқушысы Бекен Жайық пен Бекен Әділге спорттық костюм, аяқ киімдер және мектепке қажетті заттар алып берілді.

«Инабат» дүкені Толегенова Жазира 11310 теңгеге оқу құралдарын 3 «в» сыныбының оқушысы Жұмажан Ерасылға берілді.

9 «а» және 2 «а» сыныбының ата – анасы Тұяқбаева Тұмаргүл 25000 теңгеге мектеп ақ көйлектер, юбка, спорттық аяқ киім және туфлилар берді. 5 «г» сыныбының оқушысы Сейфулла Тоғанайға 10000 теңгеге, Сейфулла Айбекке 3000 теңгеге, Сейфулла Зереге 5000 теңгеге оқу құралдары берілді.

«ҚазТрансОйл» бастығы Е.С.Рахманкулов 38000 теңгеге 2 «г» сыныбының қамқорлықтағы оқушысы Диханбай Сәтжанға 4 «г» сыныбының қамқорлықтағы Диханбай Сәнияның барлық мектепке қажетті заттарын алып берді.

Жеке кәсіпкер Мұқы Әлібек 6 «а» сыныбының қамқорлықтағы оқушы Азамат Әділжанға 20210 теңгеге мектепке қажетті барлық заттарын алып берді.

Жеке кәсіпкер А.Амиров 14340 теңгеге 3 «г» сыныбының оқушысы Азамат Саяжанға мектепке қажетті барлық заттарын алып берді.

Жеке кәсіпкер Ж.Құсайынова 8000 теңгеге мектеп сөмкесімен оқу құралдарын алып берді.

« Назар » шаруа қожалығының басшысы Ж.Е.Тезекова – 25600 теңгеге (ақ көйлек (ер бала)– 5, қыз балаға – ақ көйлек юбкасымен – 3 , футболка-2,)

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнге дейін акция аясында мектептен 100 ге жуық балалар қамтылып, көмек көрсетілді, көрсетілген көмек қоры 380 400 мың теңге .

Қараусыз, қадағалаусыз және мектепке келмей жүрген балалар анықталған жоқ.

Шешімі: 2019 жылда мектепке көрсетілген қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директоры С.С.Бибосыновтың есебі қанағаттанарлық, мектепке көрсетілген материалдық қолдау жұмыстары нәтижелі, әділ, айқын деп танылсын.


Кеңес төрайымы: Малайсаринова А.И




Сұлтанова А - мүшесі




Қ.Ш.Қожықарев- мүшесі



Омарбаева А – мүшесі



Нүркенов Р. – мүшесі




Дүйсенбаев Б – мүшесі



Есенбаев Н – мүшесі



Қасенбекова Н– мүшесі



Айтжанова А.Х.- хатшы

